

Қаралды
ӘБ жетекшісі
Хаттама №1
«7» ноябрь
2023

«Келісемін»
Директордың оқу-тәрбие
жөніндегі орынбасары:
Исмагулова А.Б.
Исмагулова А.Б.

«Бекітемін»
Директордың м.а.
Мадьярова А.М.



Жеке оқу білім беру жоспары 2023-2024 оқу жылы

Пәні: Физика

Сыныбы: 8

Оқушы: Успанова Базаргүл

Мұғалім: Камалатдинова Манзура Фахрадинқызы

Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Обаған ауылы

Мектеп: «Обаған жалпы білім беретін мектебі» КММ

Сағат саны: 68

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 8-
сынып үшін «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 6-9 сыныптары үшін «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

Курс мақсаттары:

Физика пәні есептерін шығарудың жалпы заңдылықтары мен дұрыс мәдениетін қалыптастыру.

Ұсынылған арнайы есеп шығару алгоритмі негізінде механикалық құбылыстардың сыр- сипатын дұрыс және толық ұғынуға бағыттау.

Физика пәнінен жалпы теориялық білімдерінің тұрақты қолданыста болып, сапалы игерілуін қамтамасыз ету

Өз бетімен жұмыс жасау- іздену дағдыларының, интуициялық ойлау қабілеттіліктерінің қалыптасуына ықпал ету.

Физика есептерін шығару процесінде түрлі математикалық амалдарды қолдана білу шеберліктерін шыңдау.

Курс міндеті:

Оқушының механика курсы жөніндегі теориялық білімі мен нақты практикалық есептер мазмұны арасындағы табиғи бірлікті түсінуді қамтамасыз ету және оның негізінде классикалық механика заңдары арқылы әр есеп жағдайында ОМ- тің механика курсының негізгі есебін шеше білуге жетісу.

Физикалық теорияны оқып- үйренуде, оның мағынасын терең деңгейде меңгеруде механика курсы есептерін шығартудың ерекше мәнділігіне әр оқушының көзін жеткізу.

Күтілетін нәтиже:

физикалық ұғымдар мен шамалардың мағынасын, заңдардың практикалық қолданыстарын түсініп, игере біледі;

есеп шығарған кезде сызбада берілген шамаларды олардың арасындағы тәуелділікті дұрыс тауып, анықтай біледі;

зерттеу әдістерін (эксперимент жүргізу, әдебиетке шолу жасау, мәліметтерді талдау) жоспарлап, эксперименттік фактілер және сәйкес кестелер мен статистикалық мәліметтер негізінде қорытындылар жасайды, іздену және зерттеу жұмыстарының нәтижелерін дайындап үйренеді;

Білім беру мекемелеріндегі білім мен тәрбие берудің негізгі формасы – сабақ болып табылады. Белгілі педагогика ғылымына өз үлесін қоса білген ғалым А.Сухомлинский айтпақшы: «Сабақ – оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы». Шындығында да алып қарайтын болсақ, ғылым мен техниканың қазіргі кездегі даму деңгейі әлемдегі әрбір адамда сапалы және

терең білім мен іскерліктің болуын, еліміздің болашағы – жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс жасауын және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді.

Мектептік сабақ – педагогикалық шығармашылық еңбектің жүзеге асырылатын басты орны болып саналады. Бұл міндетті жүзеге асыру – ұстаздың өзіндік шеберлігіне байланысты болып табылады. Мектептегі оқу материалдарына қоса қызықты, ойлана алатын, жан-жақты материалдарды даярлаудың өзі ішкі шығармашылық күйді туындатып, оқушыларға берік, терең, сапалы білім беруге мүмкіндік береді.

Оқушының танымдық мүмкіндіктерін арттыруда мұғалім басты рөл атқарады. Оқу – білім алу қызметі барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылық ойлауы да дамытылады.

4.«Физика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:
8-сыныпта – 2 сағат, оқу жылында 68 сағат

- 1 тоқсандағы сағат саны – 16
- 2 тоқсандағы сағат саны – 16
- 3 тоқсандағы сағат саны – 20
- 4 тоқсандағы сағат саны – 16

Сыныбы	Жалпы жиынтық бағалау саны			
	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
8 сынып	2	2	2	2

Негізгі оқу құралы ретінде Физика 8-сынып оқулығы қолданылады. Физика. Зерде даму бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 8-сыныбына арналған оқулық. / Б. С. Халықова, Н. Ю. Юлдабаева – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2020.

Жұмыс әдістері:

Ауызша әдістер (білім көзі – ауызша немесе баспа сөзі)

Көрнекі әдістер (білім көзі – бақыланатын заттар, құбылыстар, көрнекі құралдар)

Практикалық әдістер (экскурсия, картамен жұмыс)

Жұмыс түрі: Жеке жұмыс

Қолданылатын технологиялар:

Бұл курс білім беру процесінде көптеген білім беру технологияларын қолдануға мүмкіндік береді:

сараланған оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, ойын оқыту технологиясы, ақпараттық-коммуникативтік технологиясы, денсаулық сақтау технологияларының элементтері, тұлғаға бағытталған оқыту.

**«ФИЗИКА» 8-СЫНЫП.
КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫШТЫҚ ЖОСПАР
68 сағат, аптасына 2 рет**

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Тақырып/ Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі мазмұны	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Күні
1-тоқсан				
8.1А Жылу құбылыстары 5 с)	Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия.	8.3.1.1 – молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру	1	
	Температура, оны өлшеу тәсілдері, температураның шкалалары	8.3.1.3 – температураны өлшеуді жылулық ұлғаю негізінде сипаттау; 8.3.1.2 – температураны әр түрлі шкала (Цельсий, Кельвин) бойынша өрнектеу	1 1 1	
	Ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері.	8.3.2.1 – дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау;	1	
	Жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару	8.3.2.2 – жылу берілудің түрлерін салыстыру	1	
	Жылу мөлшері. Заттың меншікті жылу сыйымдылығы. Отынның энергиясы. Отынның меншікті жану жылуы. БЖБ-1	8.3.2.5 – жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау; 8.3.2.7 – отынның жануы кезінде бөлінген жылу мөлшерін анықтау. Отынның жануы кезінде бөлінген жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруда қолдану	1 1 1	
8.1 В Агрегаттық күйлер (2 с)	Қатты денелердің балкуы және қатаюы, балку температурасы, меншікті балку жылуы Булану және конденсация. Қаныққан және қанықпаған булар	8.3.1.4 – молекула-кинетикалық теория негізінде қатты күйден сұйыққа және кері айналуы сипаттау; 8.3.2.10 – балку/кристалдану кезіндегі жұтылатын/бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруға қолдану; 8.3.1.5 – молекула-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау;	1 1 1 1	
	Қайнау, меншікті булану жылуы. Қайнау температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау.	8.3.2.15 – меншікті булану жылуын анықтау; 8.3.2.16 – қайнау температурасының сыртқы қысымға тәуелділігін түсіндіру	1 1	
Тоқсандық жиынтық бағалау			1	

2-тоқсан				
8.2 А Термодинамика негіздері (3 с)	Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы.	8.3.2.17 – термодинамиканың бірінші заңының мағынасын түсіндіру.	1	
	Жылу үдерістерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы.	8.3.2.18 – термодинамиканың екінші заңының мағынасын түсіндіру	1	
	Жылу қозғалтқыштары. Жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті	8.3.2.22 – жылу қозғалтқыштарындағы энергияның түрленуін сипаттау, ішкі энергияның механикалық энергияға айналуын зерттеу 8.3.2.20 – іштен жану қозғалтқышының, бу турбинасының жұмыс істеу принципін сипаттау	1 1 1	
8.2 В Электростатика негіздері (3 с)	Денелердің электрленуі, электр заряды, өткізгіштер мен диэлектриктер.	8.4.1.1 - электр зарядын сипаттау, электроскопты жасау; 8.4.1.2 – Үйкеліс және индукция арқылы электрлену құбылысын түсіндіру; 8.4.1.3 электрленудің оң және теріс әсеріне мысалдар келтіру;	1 1 1	
	Электр зарядының сақталу заңы, қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі, Кулон заңы, элементар электр заряды.. <u>(БЖБ)- 2</u>	8.4.1.4 электр зарядының сақталу заңын түсіндіру; 8.4.1.5 - Кулон заңын есептер шығаруда қолдану, бір-бірінен қандай-да бір арақашықтықта орналасқан және жіңішке жіпке ілінген екі бірдей ауа шарының әрекеттесуін зерттеу,	1 1 1	
	Электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор.	8.4.1.9 – потенциалдар айырымының және потенциалдың физикалық мағынасын түсіндіру; 8.4.1.10 – конденсаторлардың құрылысын және қолданылуын сипаттау	1 1 1	
Тоқсандық жиынтық бағалау			1	
ТТТ			1	
3-тоқсан				
8.3 А Тұрақты электр тогы (8 с)	Электр тогы, электр тогы көздері	8.4.2.1 – электр тогы ұғымын және электр тогының пайда болу шарттарын түсіндіру	1	
	Электр тізбегі және оның құрамд бөліктері, ток күші, кернеу тізбектегі ток күшін өлшеу;	8.4.2.2– электр схемасын графикалық бейнелеуде электр тізбегі элементтерінің шартты белгілерін қолдану; 8.4.2.3 - кернеудің физикалық мағынасын, оның өлшем бірлігін түсіндіру	1 1 1	
	Тізбек бөлігіндегі кернеуді өлшеу;		1	
	Тізбек бөлігі үшін Ом заңы сапалық және сандық есептер шығару;	8.4.2.6 – тізбек бөлігі үшін Ом заңын есептер шығаруда қолдану;	1	
	Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау.	8.4.2.11 –өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғауда тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолданып, электр тізбектеріне есептеулер жүргізу	1 1	
	Электр тогының жұмысы мен қуаты. Сапалық және	8.4.2.12 – жұмыс және қуат формулаларын есептер шығаруда	1	

	сандық есептер шығару.	қолдану	1	
	Электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы қыздыру шамының қуаты мен жұмысын өлшеу	8.4.2.13 – Джоуль-Ленц заңын есептер шығару үшін қолдану;	1	
	Металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі, асқын өткізгіштік. Электрқыздырғыш құралдар, қыздыру шамдары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар. Электр тогының химиялық әсері (Фарадейдің заңы) (БЖБ) - 3	8.4.2.16 – металл өткізгіштердегі электр тогын және оның кедергісінің температураға тәуелділігін сипаттау 8.4.2.17 – қысқа тұйықталудың пайда болу себептерін және алдын алу амалдарын түсіндіру; 8.4.2.18 – сұйықтардағы электр тогын сипаттау.	1 1 1	
	Тогы бар тұзу өткізгіштің магнит өрісі. Тогы бар шарғының магнит өрісі су компасын (құбылнамасын) жасау; магнит өрісінің түрлі материалдар арқылы өтуін зеттеу; түрлі тиындардың магниттік қасиеттерін зерттеу	8.4.3.2 – магнит өрісінің сипаттамаларын түсіндіру; 8.4.3.3 – тогы бар тұзу өткізгіштің және соленоидтің айналасындағы өріс сызықтарының бағытын анықтау	1 1 1	
	Токсандық жиынтық бағалау		1	
	Магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әрекеті, электроқозғалтқыш, электр өлшеуіш құралдар үйкеліс арқылы магниттеу; сапалық және сандық есептер шығару;	8.4.3.5 – магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әсерін сипаттау; 8.4.3.6 – электроқозғалтқыштың және электр өлшеуіш құралдардың жұмыс істеу принципін түсіндіру	1 1	
4-тоқсан				
8.4 А Жарық құбылыстары (8 с)	Жарықтың тұзу сызықты таралу заңы.	8.5.1.1 – Күннің және Айдың тұтылуын графикалық бейнелеу;	1	
	Жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар Жазық айнадағы кескінді зерттеу	8.5.1.2 – эксперимент арқылы түсу және шағылу бұрыштарының тәуелділігін анықтау;	1	
		8.5.1.3 – айналық және шашыранды шағылудың мысалдарын келтіру және түсіндіру;	1	
		8.5.1.4 – жазық айнада дененің кескінін алу және оны сипаттау	1	
	Сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу Ойыс айнаға түскен және шағылған стандартты сәулелердің жүрісі	8.5.1.5 – дененің кескінін алу үшін сфералық айнада сәуленің жолын салу және алынған кескінді сипаттау	1 1	
Жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы.	8.5.1.6 – жазық параллель пластинада сәуленің жолын салу;	1		

	Толық іштей шағылу	8.5.1.7 – жарықтың сыну заңын пайдаланып есептер шығару; 8.5.1.8 – тәжірибеге сүйене отырып толық ішкі шағылу құбылысын түсіндіру	1 1	
	Линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы. Линзаның көмегімен кескін алу Жинағыш және шашыратқыш линзадағы негізгі сәулелердің жүрісі	8.5.1.11 – жұқа линза формуласын есептер шығару үшін қолдану; 8.5.1.12 – линзаның сызықтық ұлғаю формуласына сандық және графиктік есептер шығару үшін қолдану; 8.5.1.13 – жұқа линзада сәуленің жолын салу және кескінге сипаттама беру	1 1 1	
	Көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері	8.5.1.15 – көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау	1	
	Оптикалық аспаптар қарапайым перископты жасау. Калейдоскопты жасау (БЖБ) - 4	8.5.1.16 – қарапайым оптикалық құралдарды (перископ, Обскура камерасы) құрастыру	1 1	
Тоқсандық жиынтық бағалау			1	
Барлығы				68